

"Павлодар-Шымкент", "Шымкент-Чарджоу" магистральдық мұнай құбырының сызық желісінің қауымдық сервитутын, күзет аймақтарының шекарасын белгілеу және жерді пайдалану режимін айқындау туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 6 маусымдағы № 165 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 маусымда № 4647 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 16-бабы 1-тармағы 9-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағына, 118-бабына және 121-бабы 1, 2 және 4-тармақтарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 1-тармағы 8) тармақшасына, "Магистральдық құбырлар туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 22 маусымдағы Заңының 14-бабы 1-тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Павлодар - Шымкент", "Шымкент-Чарджоу" магистральдық мұнай құбырының сызық желісін пайдалану үшін жер учаскелеріне осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Павлодар - Шымкент", "Шымкент-Чарджоу" магистральдық мұнай құбырының сызық желісін пайдалану үшін жер учаскелеріне осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан қорғау аймағының шекарасы белгіленсін.

3. "Павлодар - Шымкент", "Шымкент-Чарджоу" магистральдық мұнай құбырының сызық желісінің қорғау аймағындағы жерді пайдалану режимі осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес анықталсын.

4. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуді;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Оңтүстік Қазақстан облысында таралатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А.Б.Тасыбаев

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс, Шымкент қалалары және Бәйдібек, Ордабасы, Созақ аудандары аумағынан өтетін "Павлодар-Шымкент" магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігінің қауымдық сервитутының жер көлемі

[illegible]

5	Созақ ауданы	1706,7	61,37	4,04	1,89	54,62	0,81	259,73	19,68	2
Облыс бойынша		2497, 8944	391, 6821	48, 2462	10, 7204	228, 4271	0,81	334, 5696	42, 323	23

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс, Шымкент қалалары және Қазығұрт, Ордабасы, Сайрам, Сарыағаш, Шардара аудандары аумағынан өтетін "Шымкент-Чарджоу" магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігінің қауымдық сервитутының жер көлемі

№	Әкімшілік-аумақтық құрылыс бірліктері	күзет аймағының көлемі, гектар	оның ішінде:						
			ауылшаруашылығы мақсатындағы жер, гектар	оның ішінде:				елді мекен жері, гектар	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер
				егістік, гектар	оның ішінде суармалы, гектар	жайылым, гектар	шабындық, гектар		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Арыс қаласы	330,6 815	296,8 032	50,2994		246, 5038		11,5 218	1,8614
2	Шымкент қаласы	50,4 487	40,8 862	16,5357		24,3 505			0,0164
3	Қазығұрт ауданы	60,1 070	59,2 138	21,2039		36, 9950	1,0 149		0,0116
4	Ордабасы ауданы	24,3 250	24,2 535						0,0002
5	Сайрам ауданы	77,0 326	65,5 531	39,1717		26, 3814			0,6601
6	Сарыағаш ауданы	310, 6835	120, 4015	2,35		117, 7945		43,6 703	0,182
7	Шардара ауданы	546, 8816	51, 5080	14,4152		37, 3825			6,6156
Облыс бойынша:		1399, 8999	658, 3593	143,7159		489, 4077	1,0 149	55,1 921	9,3357

Оңтүстік Қазақстан облысы
 әкімдігінің 2018 жылғы
 "6" маусымдағы № 165 қаулысына
 2-қосымша

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс, Шымкент қалалары және Бәйдібек, Ордабасы, Созақ аудандары аумағынан өтетін "Павлодар-Шымкент"

магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігінің күзет аймағының жер көлемі

№	Әкімшілік-аумақтық құрылыс бірліктері	күзет аймағының көлемі, гектар	оның ішінде							
			ауылшаруашылығы мақсатындағы жер, гектар	оның ішінде:				елді мекен жері, гектар	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	Оқ ж
				егістік , гектар	оның ішінде	жайылым , гектар	шабындық , гектар			
1	2	3	4	5	6			7	8	9
1	Арыс қаласы	32,7783	31,8 383			31,8 383				
2	Шымкент қаласы	164,04	133,31	63,20	0,36	69,74		5,85	1,46	1
3	Бәйдібек ауданы	379,7	373, 6887	8,8	0,98	363, 9078			5,96	
4	Ордабасы ауданы	214,46	176,48	40,0 861		136, 3991		24,5 047	9,6815	1
5	Созақ ауданы	1710,5	1399,62	8,99		138 8,74	1,89	15,01	6,84	2
Облыс бойынша:		2501, 4783	2114, 937	121, 0761	1,34	1990, 6252	1,89	45,3 647	23,9 415	2 3

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс, Шымкент қалалары және Қазығұрт, Ордабасы, Сайрам, Сарыағаш, Шардара аудандары аумағынан өтетін "Шымкент-Чарджоу" магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігінің күзет аймағының жер көлемі

№	Әкімшілік-аумақтық құрылыс бірліктері	күзет аймағының көлемі, гектар	оның ішінде						
			ауылшаруашылығы мақсатындағы жер, гектар	оның ішінде				елді мекен жері, гектар	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер
				егістік, гектар	оның ішінде:	жайылым , гектар	шабындық , гектар		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Арыс қаласы	330, 6844	317, 3013	50,2994		266, 9989		11,5 218	1,8613

2	Шымкент қаласы	52,0617	49,7945	19,9 370		29,8 575			0,0164
3	Казығұрт ауданы	60,1070	59,2138	21,2 039		38,0099			0,0116
4	Ордабасы ауданы	24,325	24,1348	11,2 087		12,9261			0,0002
5	Сайрам ауданы	77,0326	65,5531	39,1 717		26,3814			0,6601
6	Сарыағаш ауданы	310,4235	266,3133	3,0 949		263,2184		20,7 639	0,0586
7	Шардара ауданы	546,6216	193,7826	18,4 129		175,3697		5,6 088	6,6156
Облыс бойынша:		1401,2558	946,0934	163, 3285		812,7619		37,8 945	9,2238

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2018 жылғы
"6" маусымдағы № 165 қаулысына
3-қосымша

"Павлодар-Шымкент", "Шымкент-Чарджоу" магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігіндегі күзет аймағындағы жерлердің жер пайдалану режимі

Халықтың денсаулығы мен өмірінің, өндірістік және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында "Павлодар-Шымкент", "Шымкент-Чарджоу" магистральдық мұнай құбыр жолдарының қорғау аймақтарының шегінде жол берілмейді:

1) өткелдерді, қара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, орнатуға;

2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;

3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;

4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;

5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;

7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;

8) ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.